

Хаттама №4

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2022 жылдың 20 желтоқсан күні жоспарға сәйкес кезекті директор жанындағы кеңес өтті.

Қатысуға тиісті – 37

Қатысқаны –31

Дәлелді себептермен қатыспағаны -6

Күн тәртібінде:

1. Аудандық және облыстық ғылыми жобалар байқауының қорытындысы туралы. /Г. Қосбанбетова /
2. Математика, информатика пәндерінің берілуі. /Б.Аханова/
3. 1-сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру. /Б.Аханова/
4. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету./С. Кәрібай /
5. «Үйірменің үйретері көп» онкүндігінің қорытындысы туралы /А. Сүйеубаева/
6. «Мектеп театры» жобасы аясындағы жұмыстар туралы /Ә. Ізбасаров/
7. «Білім беру ұйымының инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету және жүзеге асыруда заңнамалық- құқықтық актілері» туралы /Б. Аханова/

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарының жұмысын уақытша атқарушы Г. Қосбанбетова аудандық және облыстық ғылыми жобалар байқауының қорытындысы туралы баяндады.

2022-2023 оқу жылында «Зерде» ғылыми жобасына 9 зерттеу жұмысы ұсынылған болатын.

№	Ғылыми жоба тақырыбы	Қорғайтын оқушы	Сыныбы	Жетекшісі
1	«Пласталинмен жұмыс жасау»	Сұраған Нариман	2	Карибаева Балагул
2	«Ежелгі заманда балалар санауды қалай үйренді»	Байдос Әсел	4	Биманова Жанар
3	«Асқабақтың пайдасы»	Жанабек Меңсұлу	6 сынып	Ысқақова Арайлым
4	Қазақтың ұлттық ойыны асық»	Таламбай Нұрсаят	6 сынып	Жарболов Самат
5	«Бизнес және математика»	Айғабылқызы Айзере	5 сынып	Сердалиева Меруерт
6	«Танграм құпиясын 3д анимациялау»	Құттыбай Мансұр	6 сынып	Елепберген Ертуған
7	«Гастрономиялық туризмді дамыту»	Әділбек Ләззат	6 сынып «	Байзақ Рахымжан
8	«Языковые вирусыю. Слова паразиты»	Көпен Ақжүніс	7 сынып	Асанова Жанайым
9	«Акпараттық код»	Әнуарбек Ақнұр	4 сынып	Косбанбетова Гулжазира

1. 15.10.2022ж. күні «Дарын» ғылыми жобасына мектептен 1 ғылыми жобаны, «Литература, телевидение и интернет» 9 – сыныптан Тұрдымұрат Айжан./Жетекшісі Асанова Жанайым/ ұсынылып антиплагиатқа жіберілді. Антиплагиат қорытындысы нәтижесінде жоба жарамсыз деп танылды.

2. «Тарихи шежірем. Менің тегімнің тарихы» атты жобаға 5-сынып оқушысы Исахмет Болатбек, /Жетекшісі Каримова Өркен/ қатысып ІІ орын иеленді.
3. «Сыр Алаштың айнасы» тақырыбындағы ғылыми жобаға мектебіміздің тарих пәнінің мұғалімі Бөлебаева Бақыткүлдің жетекшілігімен 9-сынып оқушысы Құттыбай Аружан қатысып, аудандық кезең қорытындысымен жүлделі І орынға ие болды. Облыстық кезеңде қатысқандығы туралы сертификат алды.
4. Қызылорда облысындағы «Дарын» орталығының ұйымдастырумен өткізілгелі отырған «Сыр елінің флорасы мен фаунасы» тақырыбындағы ғылыми жобаға 1 жобаны ұсындық. Жетекшісі Кожамбетова Айбек оқушысы 5-сынып Әнуарбек Жаннұр. Бұл жобаға қатысу күні мен болатын орыны қосымша хабарланатын болды.

«Зерде» ғылыми жобасының аудандық кезеңіне іріктеу үшін антиплагиаттық тексеруге 9 жұмыс ұсынылды:

Нәтижесінде антиплагиатқа ұсынылған жұмыстардың ішінен 6 жоба ауданға қатысуға ұсынылды. Ауданға барып қатысқан жобалардың ішінен бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушылары жүлделі оралды.

1. Жетекшісі Карибаева Балагүл, оқушысы 2-сынып оқушысы Сұраған Нариман ІІІ орын
2. Жетекшісі Биманова Жанар, оқушысы 4-сынып оқушысы Байдос Әсел ІІІ орынды иеленді.

Ұсыныс: Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына баулуда өзге пән мұғалімдерінің де белсенді болуы міндеттелініп, жетістікке жеткен оқушылар мен мұғалімдер түрлі деңгейдегі марапаттарға ұсынылса.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова биылғы 2022-2023 оқу жылы бойынша математика, информатика пәндерінің берілуі туралы баяндады.

Жалпы мектепте математика, алгебра, геометрия пәндерін оқытудың негізгі мақсаты мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ғылыми-жаратылыстану пәндерін игеруге қажетті математикалық білім мен дағдылардың негіздерін игеру, оқу пәні материалды негізінде білім алушылардың интеллектуалдық деңгейін дамыту.

Аталған пәннен пән мұғалімдерінің сабақ жоспарлары талапқа сай жасалған, сабақ барысында көрнекі құралдар мен бағалау түрлерін оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қолдана біледі. Сабақ барысында жұптық, жеке тапсырмалар орындату арқылы тақырыпты меңгерте білді. Осы мақсаттарды басшылыққа ала отырып 1-11 сынып аралығына оқу бағдарламасына сәйкес сабақтар өткізіліп, тарау бойынша сынақ жұмыстары алынып отырғанын айтты. Қорыта келе айтар ұсыныс пікірім аталған пәннен пән мұғалімдері сабақ барысында деңгейлік тапсырмаларды күнделікті қолданып, оқушыларға логикалық тапсырмалар беріп отырса

№	Сынып	Оқушы саны	Білім сапасы математика	Білім сапасы алгебра	Білім сапасы геометрия
1	2	14	64		
2	3	9	77		
3	4	9	55		
4	5	12	66		
5	6	8	75		
6	7	8		50	50
7	8	8		50	50
8	9	10		50	60
9	10	8		75	75
10	11	6		100	100

«Информатика» пәнін оқыту білім алушылардың қазіргі заманғы ақпараттық-технологияларды практикада тиімді пайдалану үшін компьютерлік жүйелер, ақпараттық процестер, компьютерлік ойлау саласындағы базалық біліммен және дағдылармен қамтамасыз етуге бағытталған. 1 оқу тоқсаны бойынша білім көрсеткіші 10 сыныпта 87,5 пайыз, 11 сыныпта 100 пайызды құраса, 2- сынып бойынша бірінші жарты жылдық бойынша

бағаланады. Желтоқсан айында өткізілген халықаралық зерттеу кезінде сынақ тапсыру барысында оқушылар ақпараттық технологияны тиімді пайдалана білді. Пәндерді оқыту процесінде білім сапасын жетілдіру мақсатында жеке тұлғаға бағытталған проблемалық оқыту, саралап оқыту тәсілдерін, сонымен қатар іс-әрекет түрлері мен тапсырмаларды ұқыпты іріктеу арқылы дамыта оқыту тәсілдерін қолдануды ұсынамын.

Ұсыныс: 2022-2023 оқу жылындағы математика, информатика пәндерінің берілуі «жақсы» деп бағанса және жіберілген кемшіліктер бойынша түрлі қосымша жұмыстар жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттелсе.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова: 1-сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру барысы туралы баяндады. 1-сыныпта қазіргі таңда 10 оқушы білім алып жатыр.

Оқушылардың оқу жылдамдығын тексеру барысында төмендегідей көрсеткіш көрсетіп отыр:

4 оқушы – 15-17 сөз

4 оқушы – 10-15 сөз

2 оқушы - 7 сөз

Төменгі көрсеткіш көрсеткен 2 оқушымен алдағы уақытта жеке жұмыс жүргізу тұрақты бақылауда ұстау сынып жетекшісіне ескертілді.

Ұсыныс: Оқу жылдамдығы төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен қосымша сабақтар өтіп, жеке жұмыс жүргізу сынып жетекшісіне міндеттелсе.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай **бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету** туралы баяндады.

Мектеп оқушыларының өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Бала өмірінің қауіпсіздігі маңызды» тақырыбында әрбір сыныптарда сынып жетекшілермен бірлесіп, ата-аналар жиналысы ай сайын, тоқсан сайын өткізіліп келетінін және жиналыс барысында қалалық жерлердегі жарықтың жетіспеуі мен көрінбейтін жаяу жүргінші салдарынан жиі жол-көлік оқиғаларының болып жататындығын, сонымен қатар аймақта кәмелетке толмағандардың қатысуымен орын алған жол көлік оқиғалары жайында ақпараттық мәліметтер баяндалды және балалардың қалаға шыққандағы жол өмір қауіпсіздігі басты назарда екенін айтып, ата-аналарға жарықты шағылыстыратын элементтер туралы слайд көрсетіліп, баланың көшедегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін киімге немесе сөмкеге жарық шағылыстырғыш элементті жабыстыру керектігі, ата-ана және сынып жетекшілерге балаға өзін жолда қалай ұстау керектігін және жол жүру ережесін міндетті түрде үйретіп, өзі де сол ережелерді сақтанып, үлгі бола білуі керектігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілгенін мектептегі болып жатқан іс-шаралар мен алдағы келе жатқан Жаңа жыл мерекесіне орай, атқарылатын жиындарда, қысқы каникул кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шаралар қабылдап, балалардың қауіпсіздігін басты назарда ұстау, біздің және ата-ананың міндеті болып қаралады. Мектепшілік оқушылар арасында «Жол қозғалысының жас инспекторлары» тобының мүшелері балалардың белсенді өмірлік бағыт-бағдарларын қалыптастыру, көшелер мен жолдардағы қауіпсіздік ережелерін оқып-үйрену, жол қауіпсіздігі ережелерін насихаттау мақсатында ата-аналарға жадынамалар үлестіріп берілді. Ата-аналар арасында жол жүру ережесін сақтаудың маңыздылығы туралы өз ойларын ортаға сала отырып, талқыланды.

«Түнгі ауылдағы балалар» атты рейд жүргізілу туралы

Осы орайда Жаңа жыл мерекесі кезінде мектепте мобильді топ құрылып, түнгі рейдтік жұмысты күшейтуіміз керек.

Кәмелетке толмаған жас өспірімдердің қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздігі жұмыстарының маңыздылығын ескере отырып, рейдтік іс-шараларды өткізу кезінде балалар құқықтарының бұзылу фактілерін анықтау үшін мұғалімдер арасында ұйымдастырылды, балалардың қадағалаусыз және панасыз калуының, түнгі уақыттарда үлкендерсіз үйлерінен тыс жерлерге жүрген балаларды анықтау бойынша мектепте барлық сынып жетекшілері, жауапты мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары психологтар, әлеуметтік педагог, медбике, тәлімгер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері

және т.б. қатысуымен «Түнгі ауылдағы балалар» атты рейд жүргізу барысында ауыл көшелерінде түнгі рейд жүргізіледі.

Ауыл ішінде түнгі уақытта тыныш болды, өйткені ата-аналарға түгел ескертіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

Ұсыныс: Қысқы каникул күндерінде оқушылардың қауіпсіздік мәселелерін ата-аналармен тұрақты байланыс жасай отырып басты назарда ұстау сынып жетекшілеріне, қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға жүктелсе.

Келесі мәселе бойынша қосымша білім беру маманы А.Сүйеубаева «Үйірменің үйретері көп» онкүндігінің қорытындысы туралы баяндады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үйірменің үйретері көп» тақырыбында 05.12-14.12.2022жылы күндері өткізілген мектепшілік үйірмелер онкүндігінің жоспарымен таныстырды

№	Тақырыбы	Уақыты	Жауапты
1	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үйірменің үйретері көп» тақырында үйірме онкүндігінің ашылуы	05.12.2022ж	А. Сүйеубаева
2	«Химия Live» сайыс.9-11 сынып	05.12.2022ж	Ә. Ізбасаров
4	«Математика ертегілер елінде» сыныптан тыс жұмыс. 5-6 сынып	06.12.2022ж 15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	М. Сердалиева
5	«Біз болашақ Ұланбыз»	06.12.2022ж 16 ⁰⁰ -16 ⁵⁰	Н.Әбжәли
6	«Мақта қыз бен Мысық» Ы. Алтынсарин 1-сынып	07.12.2022ж 15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	А. Карібаева
7	Волейбол 8-7 сынып	07.12.2022ж 15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	С.Жарболов
8	«Мен оқыған кітапқа жарнама» 4 -сынып	08.12.2022ж	Ж.Биманова
9	«Шалқан ертегісі»МАД тобы «Қуаныш» шағын орталығы	08.12.2022ж	Ж. Исатаева Г.Тәштитова
10	«Асықты 2м шеңбер ішінен шығару, 3-4 метр жерден шиіріп ату әдіс-тәсілдерін үйрету»	08.12.2022ж 16 ⁰⁰ -16 ⁵⁰	Н. Әбдімұратов
11	«Ақпараттың өлшем бірліктері» сайыс	09.12.2022ж 15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	Г.Қосбанбетова
12	«Қызықты география»	09.12.2022ж 16 ⁰⁰ -16 ⁵⁰	Ө.Каримова
13	«Қыз – еркем, кестесімен көркем» сайыс (Шеберлік сағат) 7-8 сынып	09.12.2022ж 15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	З. Әлімова
14	«Қазақстанның «Қызыл кітабын» енген өсімдіктері» 7-9 сыныптар	12.12.2022ж 15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	А. Ысқақова
15	Инсценировка сказки «Вольная принцесса» 3-сынып	12.12.2022ж 15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	Ж. Асанова
16	«Қазақ халқының Ұлы көсемі-Ахмет Байтұрсынұлы» 5-7 сыныптар	12.12.2022ж 15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	А.Жарболова
17	«Физика біздің өмірімізде» 8-9 сынып	12.12.2022ж 16 ⁰⁰ -16 ⁵⁰	Г. Қалекеева
18	«Яссауи» хикметтері сайыс	13.12.2022ж 15 ⁰⁰ -15 ⁵⁰	Б. Бөлебаева
19	«Алдар көсе» хикаялары	13.12.2022ж 16 ⁰⁰ -16 ⁵⁰	Б. Карибаева
20	«Соңғы үміт» театрландырылған қойылым «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үйірменің үйретері көп» тақырында үйірме онкүндігінің жабылуы	14.12.2022ж 16 ⁰⁰ -16 ⁵⁰	Ә.Ізбасаров А.Сүйеубаева

Жоспарды таныстырып шыққан қосымша білім беру маманы мектепте акылы мен акысыз 22 үйірме бар екенін, осы үйірмелер жетекшілерінің арасында онкүндік ұйымдастырылғанын және осы өткен декада барысында жіберілген кемшіліктер мен жетісіктері де болғанын баяндады. Мектеп өміріндегі белсенді, үздік оқушылардың бірнеше жұмыстарға үнемі қатыстырылып, басқа, яғни қызығушылығы мен белсенділігі төмендеу оқушылардың сирек, тіпті мүлде қатыстырылмағандығы болса, онкүндік барысында әріптестер арасында жақсы тәжірибе алмасып жетті деп айта алам.

Ұсыныс: Онкүндік қорытындысын «жақсы» деп бағалап, барысындағы ұйымдастырылған шараларды әлеуметтік желіге жариялап отырған әріптесіміз Биманова Жанарға алғыс айта отырып, алдағы уақыттағы жариялымдарда толықтырып, қолданылған ұтымды әдіс-тәсілдерге де тоқталып өтсе.

Келесі мәселе бойынша ұйымдастырушы педагог Ә.Ізбасаров «Мектеп театры» жобасы аясындағы жұмыстар туралы баяндады. Өзінің театрлық жұмысының тақырыбын «Балалар және театр» деп алғанын, отбасымен көріністер қойылғанын, отбасы сыйластығы, жарастық орнаған орта екендігін көрсету мақсат етілгендігін айтып өтті.

Ұсыныс: «Мектеп театры» жобасы аясындағы жұмыстар жандана түссе және ұжымдағы әріптестерді де тарту көзделсе.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова сөз алып «Білім беру ұйымының инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету және жүзеге асыруда заңнамалық-құқықтық актілері» туралы айтты.

Біздің мектепте, яғни оқушыларымыздың арасында бұл мәселемен тіркеуде тұрып үйден оқып отырған оқушы жоқ. Мектебімізде инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету және жүзеге асыруда заңнамалық-құқықтық актілеріне тіркелмеген екі оқушымен мектеп психологі, дефектолог маман жұмыс түрлері жүргізіп жатыр. Осы екі оқушыны үнемі тұрақты бақылауда ұстап және сабақта қызығушылығын, белсенділігін арттыруға жұмыс жасаңыздар деген ұсынысым бар.

Шығып сөйлеушілер:

1. Тарих пәнінің мұғалімі- Б.Бөлебаева :

Аталған мәселелер күн тәртібінен түспейтін өзекті тақырыптар деп ойлаймын. Математика, информатика пәндерінен сабақтарымыздың арасында кіріп, тәжірибе алмасуға ұмтыламын. Пән мұғалімдері үнемі ізденіс үстінде жүреді. Өзім де сабақ беретін сыныптарға зор дайындықпен келуге тырысамын. Оқушылардың белсенділіктері жақсы. «Үздік аттестатқа», «Алтын белгіге» үміткер оқушылар бар. Сондықтан пән мұғалімдері өзінің әрбір сабағына осылай қарауы тиіс деп есептеймін. Сынып жетекші ретінде ата-аналармен де тұрақты байланыста болып, пікірлесіп тұрамыз. Әсіресе балалардың өмір қауіпсіздігі баста назарымызда. Оларға өмірде кездесетін кездейсоқ, түрлі жағдайлардың алдын алу, мұқият болу қажеттігін үнемі қайталап, естеріне салып отырамыз.

2. Мектеп кітапханашысы-Ш. Садуақасов :

Оқушылармен, ұстаздармен тығыз қарым-қатынаста болу менің міндетім болғандықтан, үнемі іс-шаралар мен сабақтарға мүмкіндігінше қатысуға тиіспін. Мен үйірмелер онкүндігінің барысы туралы айтсам, өз деңгейінде өтті деп ойлаймын. Сыныптан тыс сабақтардан үйренеріміз көп болды. Ата-аналар да қатысып, оң пікірлерін беріп жатыр. Бастысы-сыныптың белсенділігі сәл де болса ілгеріледі.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханаға келіп кітап алғысы келен оқушылар кейбір кітаптарын таба алмай кетіп жатыр. Осы орайда сынып жетекшілерге айтарым іште жоқ кітаптар ауылдық кітапханадан сұратсаңыздар, онда жоқ болса электронды түрін тауып беремін, ең бастысы іздеген кітабымыз жоқ деп оқымай қоймаса екен. Бізде көркем әдебиет кітаптары жетіспейді. Әріптестеріме алдағы уақытта да шығармашылық табыстар тілеймін.

3. Математика тілі пәнінің мұғалімі- Е. Елепберген:

Математика, информатика пәндерінің берілуі бойынша біршама бақылау жұмастары жүргізілді. Математика, геометрия пәндері өзім беретін сабақтар болғандықтан көрнекілікпен сабақ өтуге баса назар аударамын. Есеп шығаруға оқушылардың қызығушылығы, белсенділігі жаман емес. Стандартты меңгертуге, жеке оқушылармен жұмыс жүргізуге барынша тырысамын.

Директор жанындағы кеңес қаулы етеді:

1. Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына баулуда барлық пән мұғалімдерінің белсенді болуын үйлестіру мектеп директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарының жұмысын уақытша атқарушы Г. Қосбанбетоваға міндеттелініп, жетістікке жеткен оқушылар мен жетекшілері түрлі деңгейдегі марапаттарға ұсынылсын.
2. 2022-2023 оқу жылындағы математика, информатика пәндерінің берілуі «жақсы» деп бағанып, жіберілген кемшіліктер бойынша түрлі қосымша жұмыстар жүргізу аталған пән мұғалімдеріне жүктелсін.
3. Оқу жылдамдығы төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен қосымша сабақтар өтіп, жеке жұмыс жүргізу сынып жетекшісі А.Кәрібаеваға, қадағалау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсін.
4. Қысқы каникул күндерінде оқушылардың қауіпсіздік мәселелерін ата-аналармен тұрақты байланыс жасай отырып басты назарда ұстау сынып жетекшілеріне, қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға жүктелсін.
5. 2022-2023 оқу жылының 05-14 желтоқсан күндері аралығында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған «Үйірменің үйретері көп» тақырыбында өткізілген онкүндіктің қорытындысы «жақсы» деп бағалансын.
6. «Мектеп театры» жобасы аясындағы жұмыстарды жандандыру, ұйымдастыру мектептің ұйымдастырушы педагогі Ә.Ізбасарға жүктелсін.
7. «Білім беру ұйымының инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету және жүзеге асыруда заңнамалық- құқықтық актілері» үнемі назарда болуына қадағалау, үйлестіру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсін.



Директор жанындағы кеңестің төрайымы:

Хатшысы:

Ә.Кеулімжай

А.Жарболова